



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

7. НАРБ. Ф. 283. Центральное правление профсоюза кожевников. Оп. 1. Д. 674. «Материалы по стахановскому движению на предприятиях кожевенной промышленности».
8. НАРБ. Ф. 277. Центральное правление профсоюза рабочих торфяной промышленности БССР. Оп.1 Д. 444. «Документы о развёртывании стахановского движения на торфопредприятиях (постановления, доклады, справки, информации, сведения, списки и др.)».
9. Радыеканцэрты па заяўках стаханаўцаў // Звязда. 1936. 22 студзеня. С. 4.
10. Музычныя школы для стаханаўцаў // Звязда. 1936. 29 студзеня. С. 4.
11. Додзін, Турэцкі. Бал // Звязда. 1935. 8 снежня. С. 4.
12. Садовский Е. Нигде не могут так веселиться как у нас // Рабочий. 1935. 12 декабря. С. 4.
13. Бал-маскарад // Рабочий. 1936. 10 августа. С. 4.
14. Гасман Н. Навагодні бал // Звязда. 1939. 31 снежня. С. 4.
15. Государственный архив Минской области. Ф. 493. Минский областной комитет профессионального союза работников МТС. Оп. 1. Д. 84. «Документы о ходе проведения социалистического соревнования между МТС области».
16. Логинов А. Семейные вечера отдыха // Рабочий. 1935. 9 января. С. 4.
17. У калоне перадавікоў. Мінск: Дзяржвыдавецтва, 1936, 64 с.
18. Пашковская. День отдыха стахановцев // Рабочий. 1935. 16 декабря. С. 2.
19. День отдыха стахановцев-железнодорожников // Советская Белоруссия. 1938. 27 марта.

ӘОЖ 070 (574) (091)

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ ТАРИХЫНАН

Сұлтанғали Таңшолпан Ерболатқызы

Tanwolpan1994@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Б. Малыбаева

Жер бетіндегі тіршілік иесі еркіндік үшін жаратылған. Өсімдік те қалағанынша өркен жайып, өз қуаты жеткенше күнге қарай бой созуға ұмтылады, тек өсіп ғана қоймайды тұқымын жерге шашып, олда жайқалып өсіп көбейеді. Сол сияқты, адамда шыр етіп дүниеге келгеннен бастап, құндақтауға көнбей еркіндікке талпынумен, өзінен кейінгі ұрпағының болғанын, оның бейбіт өмірде өмір сүргенін қалайды.

Кез келген әдебиет бір күннің төңірегінде өрбитін немесе белгілі бір тарихи кезеңнің оқиғасын баяндайтын тар ұғымды дүние емес. Мәдениеті бай елдердің әдебиеті де қаз тұрып, қалыптасқанша қоғамның дамуы секілді толып жатқан өзгерістерді қорытындылай келіп, алдымен өз халқының, кейін жалпы адамзаттың ортақ игілігіне айналды. Бұл заңды құбылыс.

«1913 жылдан Қазақстандағы азаттық қозғалысының «Қазақ» газетінің қызметіне байланысты жаңа кезеңі басталады» - деп ел басымыз айтқандай сол жылдары «Қазақ газетіміз» жарық көрді [1.62 б].

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Райымжан Мәрсекуллы және басқалар бастаған алдыңғы қатарлы қазақ оқығандары жалпыхалықтық газет ашумен 1905 жылдан айналыса бастады. Алдымен олар «18 ақпан жарлығы» шығысымен өздерінің саяси талаптарын әйгілі «Қарқаралы петициясына» тізіп жазып, осы жарлыққа қол қойған орыс патшасының атына поштамен жөнелтеді.

Петицияның 3-тарауында: «Қазақ халқының қазіргі мұқтажын айқындау үшін қазақ тілінде газеттер басып шығару қажет, ол үшін бастапқы цензурасыз баспахана ашуға және

газет басуға рұқсат сұрау емес, құлақтандыру тәртібін орнату керек болады» деп жазылған еді.

Сол жылғы желтоқсан айының басында ақпарат көзі ретінде Санкт-Петербургтің «Новая жизнь» газетін сілтеп көрсеткен семейлік «Семипалатинский листокъ» «17 қазан манифесі мен одан кейінгі тұста Ә.Бөкейхановтың қазақ тілінде газет басып шығару үшін қырға кеткенін» хабарлады.

Ал қараша айында Бөкейхан Ресейдің «жергілікті (земский) және қалалық қайраткерлерінің» Мәскеудегі съезінде қазақтың сөз бостандығына зәру екенін айтып сөз сөйледі. Ол: «Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы, сөз бостандығы әсіресе алдағы сайлау науқанына қажет» деп мәлімдеді.

«1918 жылға дейінгі қазақ қоғамының саяси және рухани өмірінде аса үлкен роль атқарған «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуінде Ә.Бөкейхановтың атқарған еңбегі зор. 1913 жылдың ақпанында шыға бастаған «Қазаққа» дейін жалпы ұлттық газет шығару әрекеті ілгері баспаған. Оның газет шығару ісіндегі мол тәжірибесі 1896-1907 жылдары «Степной Край», «Иртыш», «Омичь», «Голос степи» газеттері істеуі, Мемлекеттік дума депутаты ретінде сол кезеңдегі Россия жоғары билік орындарына жақын адамдармен тікелей таныс болуы «Қазақты» ұйымдастыруда аз роль атқарған жоқ. Газеттің алғашқы сандарынан бастап ол «Қыр баласы» атты жамылғы есіммен мақалалар жазып, ең күрделі және өзекті мәселелер бойынша негізгі авторға айналды» [3, 226].

Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі, өзіндік тарихи тұрпаты, сипаты болады. Халықтың қамын ойлап, зар қаққан зиялыларымыздың бірі Ахмет Байтұрсынов ағартушы, ақын, қоғам қайраткері «Қазақ газетінің» редакторы болды. Қазақ халқының саяси және мәдени оянуын мақсат еткен алаш зиялылары қазақ тілінде газет-журнал шығарудың ұлттық рухты оятуда маңызды рөл атқаратын ерте түсінген болатын. Осы еңбектерінің нәтижесінде 1913 жылдан бастап «Қазақ» газеті жарияланды. «Қазақ» газетінің жарық көруіне қазақ зиялыларының ішінде Ә.Бөкейханов пен М.Дулатовтардың еңбегін ерекше атауға болады.

XX ғ. бас кезінде «саяси көзқарастары мен әрекеттеріндегі айырмашылықтарға қарамастан, қазақ зиялылары өкілдері көптеген туындыларының өзегі «Оян қазақ» (осы атаумен 1909 Міржақып Дулатовтың өлеңдер жинағы жарияланған еді) ұраны болды» [4, 636 б.]. Сол сияқты қазақ зиялыларымыз өздерінің шығармаларымен, еңбектерімен, халыққа лақап аттармен өз шығармаларын жариялап, халық санасына отаршылдыққа қарсы саяси бағыттарын ашық жеткізіп отырды.

Ә. Бөкейханов сияқты қазақ оқығандарының саяси көзқарасының мүлдем жаңа сапаға көтерілуіне тұңғыш орыс революциясы әсер етті. 1905 жылы маусым айында Қоянды жәрмеңкесінде жазылған Қарқаралы петициясында қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде мынадай талаптар қойылды:

- діни сенімдерді атқаруда, оқу-ағарту жүйесін ұйымдастыруда жергілікті халықтың еркіне қайшы келетін шектеулерді жою;
- ауылдарда сабақ орыс тілімен бірге қазақ тілінде де жүргізілетін мектептер ашу;
- қазақ халқының мұң-мұқтажын талқылауға қажет құрал-цензурасыз газет шығаруға және баспахана ашуға рұқсат беру;
- жаппай қоныстану қарқынының күшейіп, құнарлы жерлердің қоныстанушыларға өтуіне байланысты қазақтар орналасқан жерлерді олардың заңды меншігі екендігін мойындау;
- мемлекеттік аппаратта, сот орындарында іс қағаздарын қазақ тілінде де жүргізу, толардың жұмысында қос тілділікті жолға қою [3, 13 б.].

Қазақ зиялылары халықтың саяси жағынан көзін ашу үшін оның бойында білімге деген құлшынысты ояту, сауатсыздықты жою қажет екенін түсінді. Қазақ зиялыларының бүкіл қызметі осы мақсатқа арналды деуге болады. Оның бетінде қазақтың жан жарасына

айналған өзекті мәселелер- жер, дін, нәсіп, саясат, оқу-білім көтерілді. «Жұртым» деп халықты арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» [2, 10 б.].

«Егер жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз» - деп Н.Ә.Назарбаев айтқандай, [1, 156 б.] өз үлестерін қосып, тек қазақтың көзін ашуға атсалысып, беріспеген **«Қазақ»** газетінің авторлары: Бірмұхамет Ақбасов, Жүсіпбек Аймауытов, Жақып Ақбаев, Ишанғали Арабаев, Мұхтар Әуезов, Гүләйім Байгурина, Ахмет Байтұрсынов, Ахмет Бірімжанов, Аққағаз Досжанова, Халел Досмұхаметов, Сәбит Дөнентаев, Міржақып Дулатов, Ғанижамал Дулатова, Әлімхан Ермеков, Мүсілім Ермеков, Ілияс Жансүгіров, Таһир Жомартбаев, Құдайберген Жұбанов, Мағжан Жұмабаев, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Ғұмар Қараш, Шәкәрім Құдайбердиев, Нәзипа Құлжанова, Бейімбет Майлин, Мұстақым Малдыбаев, Ахмет Мәметов, Ғабдолғазиз Мұсағалиев, Мұстафа Шоқай, Ахмет Оразаев, Мұстафа Оразаев, Биахмет Сәрсенов, Жансұлтан Сейдалин, Жиһанша Сейдалин, Асылбек Сейітов, Мұхаметжан Сералин, Бекмұхамбет Серкебаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхаметжан Тынышбаев, Жұмағали Тілеулин, Субханберді Хасенов, Сәдуақас Шорманов- газетке мақалаларын жазып, өз ойларын ашық жеткізген.

XX ғ. басында тек ғана ер адамдар ғана қазақ қоғамына ат салысқан жоқ, сондай ақ әйел адамдарда өз үлестерін қосты. Мысалы, Міржақып Дулатовтың жары, Ғанижамал Баймұратқызының «Қазақ» газетінде басылған әдебиет кеші туралы мақала-хабарларда, кеште өлең айтқаны туралы деректер берілген.

Байгурина Гүләйім Ахметқызы – белгілі ғалым, қуғын-сүргін құрбаны болған, Байгурин Әлжан Махмұтұлының жары. «Қазақ» газетінде « Г....ді» жұбату деген тақырыппен Ахмет Мәметов өлең арнаған.

Досжанова Аққағаз – 1917 жылы Мәскеуде өткен мұсылмандар құрылтайына қатысып әйелдердің мұң-мұқтажын жоқтаған қайраткер. «Қазақ» газетінде Аққағаз Досжанова туралы мақала, хабарлар басылған [2, 451б].

Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін шығаруға ресми рұқсат Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы берілген. Ал апталық «Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылғы ақпанның 2-сінде жарық көрді де, 1915 жылдан аптасына екі рет шығатын болды.

Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозып жетіп жыртылғанша оқылды. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарын «Қазақ» газетін метрополияның Киевтен Қазанға, Санкт-Петербургтен Томскіге дейінгі университеттерінде білім қуып жүрген қазақ студенттері жаздырып оқығаны туралы деректер кездеседі. Аз уақыт ішінде «Қазақ» 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін басылымға айналды.

Егер «Серке» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» журналы оқыған және қалталы қазақтардың арасынан шыққан бір азаматтың немесе санаулы халықшыл азаматтың кездейсоқ және жеке бастамасымен пайда болса, «Қазақ» газеті тиянақты мақсат-мүддені көздеп, тұрақты қаржыландыру көзіне сүйенген ұжым еді.

Қайсыбір басылым, мысалы, «Қазақстан» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» негізінен қаржының жетіспеуінен тоқтап қалған болса, «Қазақ» газетінің сенімді демеушілері болғанына мынадай дәлел бар: газет шығып тұрған 1913 жылдың ақпанынан 1917 жылдың соңына дейін оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы сан рет тұтқынға алу немесе айыппұл төлеу секілді түрлі жазаға тартылса, абақтыға жабылған әр жолы бірнеше мың патша рублі мөлшерінде ақшалай кепілдік төлеп босап шығуына тура келетін. Ол заманда мұндай қаржыға «Қазақ» секілді бірнеше газет ұйымдастырып басып тұруға болатын.

Алғаш жарық көрген күнінен бастап «Қазақ» газеті қазақ даласының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне бес жылдан ұзақ жападан-жалғыз қызмет етті. Оған қоса өзінен

бұрынғы басылымдардың бірі де жаңа газетпен не сапасы, не көтерген тақырыптарының сан-салалығы, не таралымы жағынан тең келе алмады. Бірінші жылы 3 мың таралыммен шығып тұрған «Қазақтың» таралымы, Оксфорд университеті зерттеушілерінің мәліметіне қарағанда, көп кешікпей 8 мыңнан асып жығылды. Бұл өзінен бұрынғы басылымдардың бәрін қосқанда да көп болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 2003. – 285 б.
2. «Қазақ» газеті / Бас редакторы Ә.Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы. –1998. – 560 б.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалар / Редакторы М.Әкімжанов. – Алматы: Қазақстан, 1994. –384 б.
4. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 б.

УДК 930

ИССЛЕДОВАНИЯ РОССИЙСКИМИ УЧЕНЫМИ СОВЕТСКО – ПАРТИЙНЫХ КАДРОВ КАЗАХСТАНА

Султанова Аягоз Канатовна

super.ayagoz@mail.ru

Магистрант 1 курса специальности 6М – 020300 «История»

Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – З. Садвокасова

В первое послесталинское десятилетие проходя, пусть и противоречивый, процесс реформирования советской системы. Это период представлен разными нововведениями, с которыми правительство ранее не сталкивалось. Феномен советского реформирования понять и оценить трудно, если предварительно не соориентироваться в координатах того общества, которое всему остальному миру бросило вызов цивилизационного масштаба и значения [1].

Обширнейшая советская историография в целом имеет защитительный характер в оценке этапов развития общества и конкретных исторических событий. В последние два десятилетия постсоветской истории происходило углубленное изучение с позиций современных проблем и уроков и опыта советского прошлого, а также их отрицание и порицание. Но такая проблема проявляется, в основном, в литературе публицистического жанра.

Чем дальше от нас СССР, тем сильнее проявляется проблемы современности и становится очевидным, что феномен советского прошлого не нужно рассматривать односторонне, с позиции одного лишь порицания. Мы должны изучать различные проблемы, происходящие на протяжении более семидесяти лет, вооружившись вопросами «почему все это происходило?», «какие на то есть основания?» и «что мы имеем сейчас?». Мы должны руководствоваться не только событиями и фактами, а также огромным количеством подлинных источников, но и различными теоретическими подходами, способными раскрыть реальность. В решении данных вопросов особое внимание нужно обратить на российскую историографию, так как именно в ней раскрываются немаловажные аспекты советского прошлого.

15-17 октября 2015 года в г. Екатеринбург проходила VIII международная научная конференция, посвященная проблемам преодоления наследия диктатуры Сталина как